	айырмашылығын таба білуге. 3.Дене шынықтыру «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» Ойын: «Сақина жасыру» Мақсаты: Баланың зейінін, тапқырлығын дамыту. 4. Музыка Ойын: «Қай аспаптың үні?» (ә,б) Мақсаты: балаларға музыкалық аспаптарды таныстыру; балаларды музыкалық аспаптардың үнін ажыратуға үйрету. Ұлттық құндылықтарым ызды дәріптеу.	Кітап – алтын қазына. Күш - білімде, білім – кітапта. 3.Шығармашылық іс-әрекет Сурет салу: Міндеті: Жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығару (гуашпен сурет салу кезінде). Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту. 4.Қазақ тілі Міндеті: Қыс қызығы. Қыс мезгілінің ерекшеліктерін қазақша айтуға үйрету. Қысқа мәтіндер құрауды үйрету. Тақпақтарды мағынасын түсініп жаттауға үйрету.	Мақал-мәтелдер. Бірлік бар жерде тірлік бар. Бірлігі жоқтың тірлігі жоқ. Ынтымақ болмай, іс болмайды. Көп ойласаң – дана боласың, Көп ойнасаң – бала боласың. Кітап – алтын қазына. Күш - білімде, білім – кітапта. 3.Дене шынықтыру «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» Ойын: «Сақина жасыру» Мақсаты: Баланың зейінін, тапқырлығын дамыту. 4.Математика негіздері Міндеті: Шама. Беттестіру, тұтастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру,	тірі объектілерге күтім жасауға арналған құралдар туралы білім беру. Бөлме өсімдіктеріне күтім жасату, оларды суаруын ұйымдастыру. 4.Музыка Ойын: «Қай аспаптың үні?» (ә,б) Мақсаты: балаларға музыкалық аспаптарды таныстыру; балаларды музыкалық аспаптардың үнін ажыратуға үйрету. Ұлттық құндылықтарымызд ы дәріптеу.	Міндеті: Сөздік қор: Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту. Ойын: Суретке қарап сөйлем құрау Мақсаты: Суретке қарап зат есімдерді жалпылаушы сөздерді дұрыс қолданып, сөйлем құрау 4.Қоршаған ортамен таныстыру Міндеті: Айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге, жалған сөйлемсуге, үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға баулу. Картотека №1 Табиғат бұрышындағы тірі объектілерге күтім жасауға арналған құралдар туралы білім беру. Бөлме өсімдіктеріне күтім жасату, оларды суаруын ұйымдастыру.
--	---	--	--	--	--

		Қыс. (Абай Құнанбаев) Ақ киімді денелі, ақ сақалды. Соқыр мылқау танымыс тірі жанды. Үсті - басы ақ қырау, түсі суық. Басқан жері сықырлап келіп қалды.	заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу. Ойын: «Айырмашыл ығын тап» Мақсаты: Балаларға екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба білуге.		
Серуенге дайындық	Еңбегі адал жас өрен, «Мен ұқыпты баламын» мақсаты: өзіне өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру				
Серуен	Картотека №5 1.Бақылау. Аула тазалаушы еңбегін бақылау. Мақсаты: Аула тазалаушының еңбегін бақылауды жалғастыру: Сөздік қорларын байыту: Үлкендер еңбегіне деген сүйіспеншілік және құрмет сезіміне тәрбиелеу: Табиғатқа және айнала қоршаған ортаға деген сүйіспеншіліктерін арттыру. 2.Еңбегі адал жас өрен:	Картотека №4 1.Бақылау. Ауладағы ағаштарды бақылау. Мақсаты: Ағаштар туралы білімдерін молайту; ағаштардың қысқы бейнесін бақылауды жалғастыру. Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды: Ағаштардың жазғы бейнесі қандай еді? Күзде қандай болады? Қазіргі бейнесі қандай? Кімнің есінде, ағаштар жапырағын неге түсіреді? 2.Еңбегі адал жас өрен: Еңбек. Жолды қардан	Картотека №7 1.Бақылау Қара қарғаны бақылау Мақсаты: Қарғалардың қысқы тіршілігін бақылау; басқа құстардан айырмашылығын табу. (сыртқы түрі, даусы, жүрісі) Көркем сөз. Қыста құстар тоңады. Ө. Ақыпбеков. Қыста құстар тоңады. Жоқ киетін ішігі. Желде қатты соғады, Қарды көзге ұшырып. Қалатындай қайта ұшпай, Ұя тапса шаттанып. Жем іздейді байғұстар,	Картотека №8 1.Бақылау. Желді бақылау. Мақсаты: өлі табиғат туралы білімдерін байыту; табиғат құбылыстарына деген қызығушылықтарын қалыптастыру. Көркем сөз. Ө.Ақыпбекұлы Ұбырып-шұбырып, Ұйтқиды құбылып. Ұлпадай ақ қарды, Ұршықтай үйіріп. Ұлиды қасқырдай, Ұйтқып көз аштырмай. Екпіндей соғады, Алдыға бастырмай. 2.Еңбегі адал жас	Картотека №9 1.Бақылау. Қоғамдық көліктерді бақылау. Мақсаты: қоғамдық көліктер туралы білімдерін тиянақтау, жолда жүру ережелерін білу; үлкендердің еңбегі мен техникаға деген қызығушылықтарын арттыру. Балалармен әңгімелесу, сұрақ- жауаптар өткізу. 2. Еңбегі адал жас өрен: Аула тазалаушыға көмектесу.

	Қуыршақ үшін қардан құрылыс тұрғызу. Мақсаты: Бірлесе жұмыс істеуге үйрету, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. 3.Қимылды ойын: «Дәл осындай пішінді тап» Мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру. 4.Балалар мен жеке жұмыс. Оңашаланып қалған балалар мен жұмыс. Ойын барысында тез ренжісіп қалатын балалармен жұмыс. 5.Еркін ойындар.	тазалау, абаттандыру жұмысын жасап жатқан қызметкердің еңбегіне зейін аудару. Мақсаты: Аула қараушыға көмектесу. 3.Қимылды ойын: «Кім аққалаға бұрын келеді?» Мақсаты: Балаларды доға астынан еңбектен өту дағдыларын жетілдіру. 4.Балалар мен жеке жұмыс: Достарына тез ренжіп қалатын балалармен жұмыс. 5.Еркін ойындар.	Қардың астын ақтарып. 2.Еңбегі адал жас өрен: Аланды қардан тазалау. Мақсаты: ұжыммен бірге жұмыс істеуге деген ықыласын арттыру. 3.Қимылды ойын: «Үйдің есігін жабайық» Мақсаты: Заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажырату, ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту. 4.Балалар мен жеке жұмыс: Достарымен шығысалмай қалатын балалармен жұмыс 5.Еркін ойындар	өрен: Сырғанақ төбешік соғу. Мақсаты: бір-біріне деген жағымды көзқараста болуға тәрбиелеу. 3.Қимылды ойын: «Ең мерген кім?» Мақсаты: Балаларды заттарды лақтыруға жаттықтыру; көзбен мөлшерлей білулерін дамыту. 4.Балалар мен жеке жұмыс: көпшілікке қосылуы қиын балалармен жұмыс. 5.Еркін ойындар.	Мақсаты: еңбекке деген оң көзқарастарын тәрбиелеу, тапсырманы жауапкершілікпен орындауға баулу. 3.Қимылды ойын: «Өз үйінді тап» Мақсаты: Балаларды пішіндерді ажыратуға жаттықтыру; қабылдауын дамыту; ойын ережесін сақтауға үйрету. 4.Балалар мен жеке жұмыс Ойын барысында тез ренжісіп қалатын балалармен жұмыс. 5.Еркін ойындар
Серуеннен оралу	Үнемді тұтыну мақсаты: Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру. Ойын-жаттығу «Таза қолдар» Балалардың назарын тағамға аудару. Мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс,әдеп ережесі «Тамақ ішкенде сөйлемеймін, құлағыммен тыңдаймын»(Сөйлеуді дамыту)				
Түскі ас	Үнемді тұтыну мақсаты: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Ас ішерде күнде біз Сөйлемейміз күлмейміз				

	Астан басқа өзгені Елемейміз білмейміз. (Сөйлеуді дамыту)				
Күндізгі ұйқы	Ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұыпты бүктеп қоюға үйрету, досының киінбегенін байқауға және оған көмегін ұсынуға баулу. «Бесік жыры» тыңдату. мақсаты: музыка тыңдайды (музыка)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту.Сауықтыру шаралары	Еңбегі адал жас өрен , Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. «Кім жылдам» мақсаты тапсырмаларды орындайды, қолдың ұсақ моторикасын үйлестіру дағдыларын меңгереді. (Дене шынықтыру-сауықтыру жұмысы)				
Бесін ас	Еңбегі адал жас өрен , мәдени-гигиеналық ережелерді орындау дағдыларын бекіту. «Қонжықты тамақтандырамыз» мақсаты: үлгі мен ауызша нұсқауға сүйеніп, тапсырмаларды орындайды. (Қоршаған ортамен танысу, мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру).				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекетер)	Ұлттық ойын- ұлт қазынсы «Ақ терек-көк терек» мақсаты: Ұлттық ойындарды еркін ойнайды, қызығушылығы артады, ойынның ойналу әдісін меңгерту (дене шынықтыру)	Дидактикалық ойын: «Шапалақта» Мақсаты: Фонематикалық қабілетті дамыту, ауызша нұсқау бойынша орындап үйрету Сөйлеуді дамыту	Сахыналау: «Шалқан» (Көркем әдебиет) Мақсаты: Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу.	Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті Картотека №1 Әр балаға қағаз бетіне салынған өрнегі жоқ құмыра суретін беру. Тақтаға өрнектердің бірнеше түрін салып көрсетіп, балалар өздеріне ұнаған өрнекті таңдап, құмыраға өрнек салып сәндейді. Өрнек салуда симметрия мен тас үйлестігін таңдауды үйрету	Ұлттық ойын- ұлт қазынсы «Соқыр теке» мақсаты: Ұлттық ойындарды еркін ойнайды, қызығушылығы артады, ойынның ойналу әдісін меңгерту (дене шынықтыру)
Балалар мен жеке жұмыс	Жеке баламен жұмыс. Өркенге сөздерді анық айтуға жаттықтыру	Жеке баламен жұмыс. Алинұрға мақал-мәтел жаттату.	Жеке баламен жұмыс. Мұхаммедәлиге «р» дыбысына сөздерді дұрыс айтуға жаттықтыру	Жеке баламен жұмыс. Ерсайынға көліктің суретін салдыру, қарындашты дұрыс ұстауға үйрету	Жеке баламен жұмыс. Нұрханға сурет салуда гуашты ұқыпты пайдалануды үйрету.
Серуенге	Еңбегі адал жас өрен «Кім жылдам?»				

дайындық	мақсаты: Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.				
Серуен, Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, қимыл-қозғалысты ойындар және тағы басқа әрекеттер), серуеннен оралу	(Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекет) Сиқырлы қалам. Әтеш пен түлкі ертегісін айтып беріп, ондағы әтеш бейнесін салуға жағдай жасау.	(Қарым-қатынас іс-әрекеті) Дидактикалық ойын: «Ертегіні ата» Мақсаты: ертегілер туралы білімдерін кеңейту, есте сақтау қабілетін жетілдіру	Дербес қимыл Қимылды ойын: «Иә, жоқ» Мақсаты: балаларды зейінді болуға, шапшаңдыққа тәрбиелеу.	(Қарым-қатынас іс-әрекеті) Дидактикалық ойын: «Саққұлақ» Мақсаты: есту мүшелері арқылы ойлау қабілетін дамыту	(Қарым-қатынас іс-әрекеті) Ұлттық ойын- ұлт қазынсы Сақина жасыру Мақсаты: балаларды зейінді болуға, шапшаңдыққа, ұлттық ойындарға деген қызығушылығын артыру.
Үйге қайту Өнегелі-15 минут Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге қарауға, кітапхана орталығында кітаптар көруге, алып оқу, суреттерді қарауға, ата-ананы балабақша жұмысына тарту, бала мен ата-ана қарым-қатынасын арттыру. Балаларды ата-анаға табыс ету.					

Әдіскер: Туримбетова Г.К.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: ЖШС "Бақжан" бөбекжай-бақшасы

Тобы: "Қарлығаш" мектепалды тобы

Балалардың жасы: 5 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: 2024 жыл, желтоқсан айы, 2- апта (09.12.2024ж - 13.12. 2024ж. аралығы)

Күн тәртібі	Дүйсенбі 09.12.2024	Сейсенбі 10.12.2024	Сәрсенбі 11.12.2024	Бейсенбі 12.12.2024	Жұма 13.12.2024
АЙ АТАУЫ	«Менің Отаным – Қазақстан!»				
АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ	«Бірлік түбі -береке!»				
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Баланың бүгінгі балабақшаға келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Өнегелі-15 минут «Отанды сүйу отбасынан басталады» тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу, балаларға осы тақырыпта жан-жақты түсінік бере отырып, өз ойын ашық айта алатын, балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру, еңбектенуге деген қызығушылықты арттыру, жауапкершілік таныту. Күй күмбірі -балаларды қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын артыру.				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Қауіпсіздік ережесі әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, балалармен бірге жол ережелері туралы әңгімелесуге, мультфильмдер көруге кеңес беру.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар) бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалары)	Қарым- қатынас іс –әрекеті «Тәуелсіз Қазақстан» (өлеңмен таныстыру) Мақсаты: Тәуелсіз Қазақстан өлеңімен таныстыру Өлең арқылы туған елге, жерге деген	«Балалар кітапханасы» жоба аясында «Менің Отаным» Мақсаты: «Отан» деген сөздің мағынасы туралы білімдерін тереңдету Фотосуреттер қарау Үстел үсті ойындары т/б Сөйлеуді дамыту	«Менің Отаным» (өлең) Мақсаты: Балаларды Отан сүйгіштікке баулу, өз еліне, жеріне деген патриоттық сезімін ояту. Балалардың сөздік қорын молайту, Тәуелсіздігімізге арналған жыр-шумақ,	(Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекет) «Гүлдене бер, Қазақстан!» Мақсаты: Қазақстан, Отан туралы түсінік беру. Бәйтеректің суретін салуға үйрету. Туған жерін, Отанын сүйуге, ұқыптылыққа	SMART BALA жобасы «Жабыстырмалы ойындар» Мақсаты: ойындар арқылы алған білімін бала өз іс-әрекетінде қолдануға машықтанады, қорытынды жасай алуға, өзінің ойын

	сүйіспеншіліктерін арттыру, Отанды, елді қорғауға тәрбиелеу. Балалардыңсөздік қорын молайту, байланыстыра сөйлеуді қалыптастыра отырып,Тәуелсіздігімізге арналған жыр-шумақ, мақалдарды жатқа айтуға үйрету. Көркем әдебиет		мақалдарды жатқа айтқызуға үйрету. Сөйлеуді дамыту	тәрбиелеу. Балалардың ойлау және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Сурет салу	дәлелдей алуға үйрету.. (Құрастыру)
Ертеңгілік жаттығу	Менің Қазақстаным таңғы жаттығудан соң күнделікті қою, Әнұранды мақтанышпен айту, патриоттық сезімдерін арттыру				
Таңғы ас	Үнемді тұтыну мақсаты: берілген тағымды толық ысырапсыз жеуге, мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Үнемшілдік – ырыс, Ысырапшылдық шығыс» (Сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	(Қарым-қатынас іс-әрекеті) «К дыбысы» Мақсаты:«К» дыбысының дұрыс дыбысталуын, әріп таңбасын қайталау, ойын арқылы ойлау қабілетін дамыту;	(Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекет) «Менің туым» Мақсаты: Балаларға Ту туралы түсінік беру. Олардың қызметінің маңыздылығы туралы ұғымдарын кеңейту.	(Танымдық іс-әрекет, зерттеуіс-әрекет) «Қолымда не бар? Ойынның мақсаты: ұзын-қысқа, жуан-жіңішке , үлкен-кіші, оң-сол жайлы білімдерін бекіту. Түйсіну сезімдерін	(Қарым-қатынас іс-әрекеті) «Республикам-мақтанышым!» Мақсаты: Балаларды туған еліне, жеріне деген сүйіспеншіліктерін ояту, Отанын сүйуге, еліміздің рәміздерін	(Қарым-қатынас іс-әрекеті) «Қағаз бетінде бағдарлау» Мақсаты: Заттармен шаманы салыстыруға және айырмашылығын ажырата білуге,

	ұқыптылыққа тәрбиелеу. Суреттегі заттардың дыбыстарын айту. Үзік сызықтарды қосуға үйрету. Сауат ашу негіздері	Тудың бейнесін жапсыруға үйрету. Жапсыру Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті	дамыту. Суреттегі заттарды санауға, оларды сызып қосуға үйрету. Логикалық ойларын, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ойшылдыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. Математика негіздері	кастерлеуге тәрбиелеу. Сөйлеуді дамыту	кеңістікті дұрыс бағыттау білуге, заттың көлем, пішін, түсін ажырата білуге үйрету. Математика негіздері
Кестеге сәйкес ҮІӨ	1.Сөйлеуді дамыту Міндеті: Сөздік қор: Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу. Картотека №7 Қазақ халқының қолданылатын ұлттық бұйымдарын таныстыру (торсық, астаулар, сандық, келі келсап, қол диірмен, қамшы). Бұл заттарды қалай не үшін қолданғанын көрсетіп, балалардың оларды қолдануға жағдай	1.Сауат ашу негіздері Міндеті: Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу Ойын: «Сен білесіңбе?» Мақсаты: Суретке қарап сөйлем құрастырып, сөздердің санын айта алады. 2.Көркем әдебиет Міндеті: Баланың	1.Қазақ тілі Міндеті: Мемлекеттік рәміздері. Мемлекеттік Ту, Мемлекеттік Елтаңбаны сипаттай білу үйрету Елорда–Астана. Елордамен таныстыру. Сөздік қорларын молайту. Ойын: «Менің туым» Мақсаты: Балаларға Ту туралы түсінік беру. Олардың қызметінің маңыздылығы туралы ұғымдарын кеңейту. Тудың бейнесін жапсыруға, дәріптей	1.Сауат ашу негіздері Міндеті: Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу Ойын: «Сен білесіңбе?» Мақсаты: Суретке қарап сөйлем құрастырып, сөздердің санын айта	1.Сауат ашу негіздері Міндеті: Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу Ойын: «Сен білесіңбе?» Мақсаты: Суретке қарап сөйлем құрастырып, сөздердің санын айта

	жасау. Олар неден жасалғанын балалардан сұрау, жауаптарын толықтыру. 2.Математика негіздері Міндеті: Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру. Ойын:«Салыстырып тап» Мақсаты: Балаларға заттардың ұзындығын, енін, биіктігін салыстырып айырма-шылығын таба білу. 3.Дене тәрбиесі «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» Ойын: «Ұшты-ұшты» Мақсаты: Балаларды аңғарымпаздыққа, тапқырлыққа	басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру. Ойын:Өз таңдауы бойынша интерактивті панельмен ойын. 3.Шығармашылық іс-әрекет Мүсіндеу Міндеті: Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау). Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдану. Картотека №5 Билеп тұрған қуыршақты таныстырып, оған ұқсас	алуға үйрету. 2.Көркем әдебиет Міндеті: Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру. Ойын:Өз таңдауы бойынша интерактивті панельмен ойын. 3. Дене тәрбиесі «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» Ойын: : «Ұшты-ұшты» Мақсаты: Балаларды аңғарымпаздыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу. 4.Математика негіздері Міндеті: Шартты	алады. 2.Дене тәрбиесі «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» Ойын: «Ұшты-ұшты» Мақсаты: Балаларды аңғарымпаздыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу 3.Қоршаған ортамен таныстыру Міндеті:Менің Отаным – Қазақстан. Қазақстан Республикасының астанасы – Астана қаласы, республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын байыту. Мақал-мәтел жаттау. «Үлкенге құрмет, кішіге іззет». 4.Музыка	алады 2.Математика негіздері Міндеті: Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру. Ойын:«Салыстырып тап» Мақсаты: Балаларға заттардың ұзындығын, енін, биіктігін салыстырып айырма-шылығын таба білу. 3.Сөйлеуді дамыту Міндеті: Сөздік қор: Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу. Картотека №7 Қазақ халқының қолданылатын ұлттық бұйымдарын таныстыру (торсық, астаулар, сандық, келі келсап, қол
--	--	---	---	--	--

	тәрбиелеу 4. Музыка Ойын: «Бұл қай кезде болады?» Мақсаты: Жыл мезгілдері туралы ән, әуендерді тыңдап, ерекшеліктерін сипаттай білуге баулу. Тыңдалған шығармадан алған өз әсерлерін әңгімелей білуге дағдыландыру .	құрбыларын ермексаздан жасауды ұсығу. 4.Қазақ тілі Міндеті: Мемлекеттік рәміздері. Мемлекеттік Ту, Мемлекеттік Елтаңбаны сипаттай білу үйрету Елорда–Астана. Елордамен таныстыру. Сөздік қорларын молайту. Ойын: «Менің туым» Мақсаты: Балаларға Ту туралы түсінік беру. Олардың қызметінің маңыздылығы туралы ұғымдарын кеңейту. Тудың бейнесін жапсыруға, дәріптей алуға үйрету.	өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру. Ойын:«Салыстырып тап» Мақсаты: Балаларға заттардың ұзындығын, енін, биіктігін салыстырып айырмашылығын таба білу.	Ойын: «Бұл қай кезде болады?» Мақсаты: Жыл мезгілдері туралы ән, әуендерді тыңдап, ерекшеліктерін сипаттай білуге баулу. Тыңдалған шығармадан алған өз әсерлерін әңгімелей білуге дағдыландыру.	диірмен, қамшы). Бұл заттарды қалай не үшін қолданғанын көрсетіп, балалардың оларды қолдануға жағдай жасау. Олар неден жасалғанын балалардан сұрау, жауаптарын толықтыру. 4.Қоршаған ортамен таныстыру Міндеті: Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз ісіне адал болуға, еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге ұмтылуға, сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға, айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге, жалған сөйлемеуге, үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға
--	--	---	--	---	--

					баулу. Мақал-мәтел жаттау. «Үлкенге құрмет, кішіге іззет».
Серуенге дайындық	Еңбегі адал жас өрен, «Мен ұқыпты баламын» мақсаты: өзіне өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру				
Серуен.	Картотека №10 1.Бақылау. Суықторғайды бақылау. Мақсаты: Балалардың құстар туралы білімдерін толықтыру; салыстыру. Талдау, қорытынды жасай білу туралы білімдерін толықтыру. Көркем сөз. А.Мендібай Қарағай мен шыршының, Суықтан дені тоңып тұр. Бұл не ғажап қарасаң, Қайында алма өсіп тұр Жақын келіп қарасам, Көзіме өзім сенбедім-Алқызыл болып көрінген, Әнші құсы орманның	Картотека №15 1.Бақылау. Күннің көзін бақылау. Мақсаты: күннің көзін қыс мезгілімен (қыстың басы, ортасы, аяғымен) байланыстырып, балаларға барынша мол түсінік беру. Күн қысқарады-желтоқсанның 22-сі ең қысқа күн болып есептеледі. Көркем сөз: Батар күннің атар таңы бар. 2.Еңбегі адал жас өрен: Ойын алаңын артық заттардан тазарту. Мақсаты: Балалардың еңбекке деген құлшынысын ояту. 3.Қимылды ойын: «Жүп болып эстафета ойынын жүргізу» Мақсаты: Балаларды	Картотека №16 1.Бақылау. Жеңіл көліктерді бақылау. Мақсаты: автомобильдер туралы білімдерін бекіту, оларды т.рлері бойынша ажырата білу, жолда жүру тәртібі туралы білімдерін кеңейту. Көркем сөз: «Тәртіп керек баршаға» Е.Елубаев Бұзба көше тәртібін, Ұрынасың апатқа. Қызықты өтсін әр күнің, Жақын болма шатаққа. Көшеден өтер кезінде, Абайла,қара жанжаққа. Келе жатқан көлікке, Жол бер,өтсін, асықпа! Сұрақ-жауап. 2.Еңбегі адал жас	Картотека №18 1.Бақылау. Маусымдық өзгерістерді бақылау. Мақсаты: Қыс басындағы өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру(күн қысқарады, түн ұзарады). Қыс мезгілінің басындағы қысқа тән белгілерді көре білу. Көркем сөз: Желтоқсан-қыстың алғашқы айы. Қоңыр бұлт астынан күн әлсіз сығалайды. Сондықтан да қысты тұнжыр қыс деп атайды. 2.Еңбегі адал жас өрен: Еңбек: Аула сыпырушыға көмектесу, еңбегіне	Картотека №13 1.Бақылау. Қырауды бақылау. Мақсаты: балаларға қыраудың қалай болатынын айтып кету. Қырау түскен ағаштарды бақылау. Темір затқа үрлеп көрейік, оған қырау түсті, біздің буымыз суықтан қырауға айналды. Сонымен қырау бұл кәдімгі бу, ол әйнек шынысына, ағаш бұтақтарында, және басқа заттарда қатып, қырауға айналған. Қырау әдетте күннің ашығында пайда болады. Көркем сөз: Тазартып бар кір шаңнан, Ұыс өнерін бастады, терезеге қыраудан, сурет салып тастады.

	Суық торғай сен бе едің? Сұрақ – жауаптар. 2.Еңбегі адал жас өрен: Еңбек. Құстарға дән салу. Мақсаты: Тірі табиғатқа қамқорлық сезімін ояту. 3.Қимылды ойын: «Ұшты-ұшты» Мақсаты: Балаларды аңғарымпаздыққа, шапшаңдыққа баулу. 4.Балалар мен жеке жұмыс Оңашаланып қалған балалар мен жұмыс. 5.Еркін ойындар.	эстафета бір-біріне беруге үйрету. Жолдасы үшін жанашыр, жақсы жолдас болуға тәрбиелеу. 4.Балалар мен жеке жұмыс: көпшілікке қосылуы қиын балалармен жұмыс. 5.Еркін ойындар.	өрен: Еңбек: Ауланы бірлесе отырып тазалау. Мақсаты: балаларды бірлесе еңбек етуге, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу. 3.Қимылды ойын: «Қандай пішін жетіспейді?» Мақсаты:Геометрия - лық пішіндерді атай білуге үйрету. 4.Балалар мен жеке жұмыс: Достарымен шығысалмай қалатын балалармен жұмыс 5.Еркін ойындар	құрметпен қарау. Мақсаты: балаларды еңбексүйгіштікке баулу. 3.Қимылды ойын: «Кім жылдам?» Мақсаты: Балаларды берілген белгі бойынша шапшаң қимылдауға, зейінін аударуға және ұйымшыл болуға үйрету. 4.Балалар мен жеке жұмыс: Достарымен шығысалмай қалатын балалармен жұмыс 5.Еркін ойындар	2.Еңбегі адал жас өрен: Еңбек. Бір-біріне кедергі жасамай, жұмыс істеуге үйрету. Мақсаты: Балалардың еңбекке деген құлшынысын ояту. 3.Қимылды ойын: «Ұзын-қысқа» Мақсаты: Балаларда өлшемдердің қасиеттерін қабылдау.а үйрету, тапсырманы орындауға жаттықтыру. 4.Балалар мен жеке жұмыс: Достарына тез ренжіп қалатын балалармен жұмыс. 5.Еркін ойындар.
Серуеннен оралу	Үнемді тұтыну мақсаты: Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру. Тазалық Жасамас үшін ағаттық Тыңда ақылды, қабылдап. Алдында ішер тамақтың, Қолыңды жу, сабындап. (Сөйлеуді дамыту)				
Түскі ас	Үнемді тұтыну мақсаты: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Нан – тамақтың атасы,				

	Ынтымық – көптің батасы. Тістем нанның қадірін, Тарыққанда білерсің. (Сөйлеуді дамыту)				
Күндізгі ұйқы	Ұйықтар алдында киімдерін себетке ұшыты бүктеп қоюға үйрету, досының киінбегенін байқауға және оған көмегін ұсынуға баулу. Ертегі оқып беру.				
Біртідеп ұйқыдан ояту.Сауықтыру шаралары	Еңбегі адал жас өрен, Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. «Кім жылдам?» мақсаты тапсырмаларды орындайды, қолдың ұсақ моторикасын үйлестіру дағдыларын меңгереді. (Дене тәрбиесі-сауықтыру жұмысы)				
Бесін ас	Мақал-мәтел: «Тату үйдің тамағы-тәтті »				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылды, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел-үсті, баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары	Дидактикалық ойын: «Не істеу керек табамыз» Есту зейінін жұмылдыра білуін дамыту. Сылдырмақтың дыбысымен өзінің қозғалысының арақатынасын белгілеу, қозғалыс сәйкестігін дамыту.	Сюжетті рөлдік ойын: Бұл қай кезде болады? <i>(қоршаған ортамен таныстыру)</i> Мақсаты: суреттерге қарап, жыл мезгілдерін құбылыстарын атап оларды ажырату.	Ұлттық ойын- ұлт қазынсы «Сақина жасыру» мақсаты: Ұлттық ойындарды еркін ойнайды, қызығушылығы артады, ойынның ойналу әдісін меңгерту (дене шынықтыру)	Сахыналау: «Бір үзім нан» <i>(Көркем әдебиет)</i> Мақсаты: Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу.	Дидактикалық ойын: «Таныс пішіндер доминосы » <i>(математика негздер)</i> Мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту; көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттақтыру
Балалармен жеке жұмыс	Жеке баламенжұмыс. Алинұрға үйшіктің суретін салдыру, қарындашты дұрыс ұстауға үйрету.	Жекебаламен жұмыс. Клараға қағаз, қаламмен дұрыс жұмыс жасауды үйрету.	Жеке баламен жұмыс. Өркенге «р» дыбысына сөздерді дұрыс айтуға жаттықтыру	Жеке баламен жұмыс. Дианаға сөздерді анық айтуға жаттықтыру	Жеке баламен жұмыс. Ерсайынға мақал-мәтел жаттату.
Серуенге дайындық	Серуенге шығамыз деген нұсқаумен барлық балалар орындарына тұру. Еңбегі адал жас өрен, «Мен ұқыпты баламын» мақсаты: өзіне өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру				

Серуен	Картотека №10	Картотека №15	Картотека №16	Картотека №18	Картотека №13
Серуеннен оралу	Кім жылы сумен жуынса-өте жақсы сол бала. Кім салқын сумен жуынса –батыр бала ол бала. Ал егерде ол жуынбаса – ештеңе деп аталмайды ол бала. «Табиғатта қандай өзгерістер болды?» Мақсаты: Балаларға жыл мезгілдерін қайталату. Жанды және жансыз табиғат туралы түсіндіру. Қоршаған ортамен танысу Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті				
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық экспериментальдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	(Қарым-қатынас іс-әрекеті) Қимылды ойын: Кім алғыр? Мақсаты: балаларды аңғарымпаздыққа, шапшаңдыққа баулу.	(Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет) «Айырмашылығын тап» Мақсаты: Балаларға екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба білуге.	(Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) «Бұл қай кезде болады?» ойын Мақсаты: Қыс мезгілін толық сипаттауды үйрету.	(Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекет) Бояулар сыры Қысқы орманның бірнеше суретін тақтаға ілеміз. Оларға қарап салатын суретті тандау. Көгілдір қағаз бетіне қоңыр және ақ бояулармен қысқы қар жамылған ағаштың бейнесін салуды үйрету.	(Қарым-қатынас іс-әрекеті) Қимылды ойын: «Дүкенші» Мақсаты: Балалар мағынасын түсініп топтасып ойнауды түсінеді.
Балалардың үйге қайтуы	Өнегелі-15 минут Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге қарауға, кітапхана орталығында кітаптар көруге, алып оқуға, суреттерді қарауға, ата-ананы балабақша жұмысына тарту, бала мен ата-ана қарым-қатынасын арттыру.				

Әдіскер: Туримбетова Г.К.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: ЖШС "Бақжан" бөбекжай-бақшасы

Тобы: "Қарлығаш" мектепалды тобы

Балалардың жасы: 5 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: 2024 жыл, желтоқсан айы, 3- апта (17.12.2024ж - 20.12. 2024ж. аралығы)

Күн тәртібі	<i>Дүйсенбі</i> 16.12.2024	<i>Сейсенбі</i> 17.12.2024	<i>Сәрсенбі</i> 18.12.2024	<i>Бейсенбі</i> 19.12.2024	<i>Жұма</i> 20.12.2024
-------------	--------------------------------------	-------------------------------	-------------------------------	-------------------------------	---------------------------

АЙ АТАУЫ	«Менің Отаным – Қазақстан!»				
АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ	«Ынтымақ түбі - игілік!»				
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Баланың бүгінгі балабақшаға келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Өнегелі-15 минут «Ынтымақ түбі - игілік!» тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу, ал балаларға осы тақырыпта жан-жақты түсінік бере отырып, өз ойын ашық айта алатын, балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру, еңбектенуге деген қызығушылықты арттыру, жауапкершілік таныту. Күй күмбірі -балаларды қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын арттыру.				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Қауіпсіздік ережесі - «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр); өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу. Егер белгілі бір ережелер сақталмаған жағдайда не болатынын балалармен талқылау туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар) бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалары)		«Балалар кітапханасы» жоба аясында Туған жер «Туған жерді сүю парыз, Сүю үшін білу-парыз. Қасиетін ұғу-парыз, Күзетінде тұру-парыз». Мақсаты: балалардың туған жерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Суреттер	(Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекет) «Гүлдене бер, Қазақстан!» Мақсаты: Қазақстан, Отан туралы түсінік беру. Бәйтеректің суретін салуға үйрету. Туған жерін, Отанын сүйуге, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Балалардың ойлау және шығармашылық	SMART BALA жобасы Дидактикалық ойыны «Шаршы құрастыр» Мақсаты: Балаларды бөлшектерден бүтін бір зат құрастыруға үйрету. Математика негіздері	«Табиғатта қандай өзгерістер болды?» Мақсаты: Балаларға жыл мезгілдерін қайталату. Жанды және жансыз табиғат туралы түсіндіру. Қоршаған ортамен танысу Қарым- қатынас

		тамашалау. Сөйлеуді дамыту	қабілеттерін дамыту. Сурет салу		
Ертеңгілік жаттығу	Қыс Бір тізбекте тұру. Жүгіру. Тізені жоғары көтере жүру. Үш қатарлы сапқа тұру. Жалпы дамыту жаттығулары 1. «Иықты құшақтау» Б.қ. өкше бірге, аяқ ұшы алшақ, қол төменде. Қолды екі жанға созу, иықты қапсыра құшақтау, «ух» деп дыбыстау, бастапқы қалыпқа оралу. 6 рет қайталау. 2. «Қарды қақ» Б.қ. Б.қ. аяқ иық деңгейінде, қол белде. Алға иілу, тізені бүкпей, тізені соғу, түзелу. 7 рет қайталау. 3. «Аяқты жылыт» Б.қ. өкше бірге, аяқ ұшы алшақ, қол төменде. Оң аяқты тізеден бүгіп, жоғары көтеру, қолмен аяқты кеуде тұсына қыса тарту, бастапқы қалыпқа оралу. Сол аяққа дәл солай жасау. 8 рет қайталау. 4. «Қар лақтырыспақ» Б.қ. аяқ иық деңгейінде, қол төменде. Оң қолды артқа созу, күшпен алға сермеу, бастапқы қалыпқа оралу. Сол қолмен де дәл солай жасау. 5 рет қайталау. (13-сурет) 5. «Оң, сол аяқта секіру» Б.қ. өкше бірге, аяқ ұшы алшақ, қол белде. Оң және сол аяқта 6 реттен секіру, бір орында жүру, қайта секіруді қайталау. Тыныс алу жаттығуы: Б.С. Толмачева бойынша «Отын» - аяқтың ұшымен иық деңгейінде қойып, саусақтырын іліндіріп, қолын желкеге ұстау қажет; аяғын түсіріп, қолдарын аяқ арасына жіберіп, алға қарай еңкейеді, демін тез ішке тартып кері шығарады, яғни балалар ағаш шауып жатқан тәрізді болады. Менің Қазақстаным таңғы жаттығудан соң күнделікті қою, Әнұранды мақтанышпен айту, патриоттық сезімдерін арттыру				
Таңғы ас	Үнемді тұтыну мақсаты: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Ойын- жаттығу : Дәмді тағам ішеміз, Үлкен болып өсеміз Елге сыйлы,ақылды, Азамат болып өсеміз. (Сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық		(Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекет) «Мерекеге арналған ойыншықтар»	(Қарым- қатынас іс-әрекеті) <i>Дәйек сөз:</i> «Ынтымақ түбі – игілік!»	(Қарым-қатынас іс-әрекеті) «Республикамақтанышым!» Мақсаты: Балаларды	(Танымдық іс-әрекет, зерттеуіс-әрекет) «Шамасы бойынша салыстыр»

		Мақсат: Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию. Жапсыру Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті	Мақсаты:Дәйек сөздің мән-мағынасын түсіну, өз ойын еркін білдіре алу.	туған еліне, жеріне деген сүйіспеншіліктерін ояту, Отанын сүйуге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге тәрбиелеу. Сөйлеуді дамыту	Мақсаты: Заттарды топтай білуге, түстерін айта білуге үйрету. Суреттегі заттарды санауға, оларды сызып қосуға үйрету. Логикалық ойларын, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ойшылдыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. Математика негіздер
Кестеге сәйкес ҰІӨ		1.Сауат ашу негіздері Міндеті: сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтай білуге үйрету. Ойын: «Сен білесің бе?» Мақсаты: Сурет бойынша сөйлем құрастырып, сөзге дыбыстық талдау жасау. 2.Көркем әдебиет Міндеті: Баланың	1.Қазақ тілі Міндеті: Қыс мезгілінің ерекшеліктерін қазақша айтуға үйрету. Қысқа мәтіндер құрауды үйрету, жұмбақ, жаңылтпаш жаттауға үйрету. №1 «Қыста қар қандай болады бақылау» Мақсаты: қардың түсі қандай қар неге ұқсайды қар қолымызға ұстағанда	1.Сауат ашу негіздері Міндеті: сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтай білуге үйрету. Ойын: «Сен білесің бе?» Мақсаты: Сурет бойынша сөйлем құрастырып, сөзге дыбыстық талдау жасау. Мақсаты: Суретке қарап сөйлем	1.Сауат ашу негіздері Міндеті: сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтай білуге үйрету. Ойын:«Сен білесіңбе?» Мақсаты: Суретке қарап сөйлем құрастырып, сөздердің санын айта алады 2.Математика негіздері Міндеті: Шама. беттестіру, тұтастыру

		басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру. Ойын:Өз таңдауы бойынша интерактивті панельмен ойын. 3.Шығармашылық іс-әрекет Жапсыру Міндеті:Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен (кілем, алаша, сырмақ, ши, көрпе, жастық және т.б.), киіз үйдің жабдықтарымен (кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық, басқұр және т.б.) таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру.	неге еріп кетеді. 2.Көркем әдебиет Міндеті: Баланың басқақұрдастарым ен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру. Ойын:Өз таңдауы бойынша интерактивті панельмен ойын. 3. Дене тәрбиесі «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» Ойын: «Кім жоғын тап» Мақсаты: Балалардың есте сақтау қабілетін дамыту 4.Математика	құрастырып, сөздердің санын айта алады. 2.Дене тәрбиесі «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» Ойын: «Кім жоғын тап» Мақсаты: Балалардың есте сақтау қабілетін дамыту 3.Қоршаған ортамен таныстыру Міндеті: Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз ісіне адал болуға, еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге ұмтылуға, сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға, айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге, жалған сөйлемеуге, үлкендерді сыйлауға,	және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу. Ойын:«Салыстырып тап» Мақсаты: Балаларға заттардың ұзындығын, енін, биіктігін салыстырып айырмашылығын таба білу. 3.Сөйлеуді дамыту Міндеті:Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру, «асар», «сүйінші сұрау» дәстүрлерінің мәнін түсіндіру. Ойын:«Сүйінші сұрау» Мақсаты: Балаларда, қай уақытта сүйінші сұралатыны жайлы түсінік қалыптастыру. 4.Қоршаған ортамен таныстыру Міндеті: Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз
--	--	--	---	---	--

		Картотека №7 Дайын төрт бұрышты түрлі-түсті пішіндерден домалақ шамдарды қиып алып шыршаға жапсыру жұмысын орындауға жағдай жасап үйрету. 4.Қазақ тілі Міндеті: Қыс мезгілінің ерекшеліктерін қазақша айтуға үйрету. Қысқа мәтіндер құрауды үйрету, жұмбақ, жаңылтпаш жаттауға үйрету. №1 «Қыста қар қандай болады бақылау» Мақсаты: қардың түсі қандай қар неге ұқсайды қар қолымызға ұстағанда неге еріп кетеді.	негіздері Міндеті: Шама. беттестіру, тұстастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу. Ойын:«Салыстырып тап» Мақсаты: Балаларға заттардың ұзындығын, енін, биіктігін салыстырып айырма-шылығын таба білу.	кішіге қамқор болуға баулу. Мақал-мәтел жаттау. «Ынтымақ түбі - игілік!» «Үлкенге құрмет, кішіге іззет». 4. Музыка Ойын: «Үш би» (а,ә) Мақсаты: Балалардың би жанырларын (полька, ұлттық би, иальс) ажырата білуге, би түрлерін есте сақтауға, әуенді естіп қабылдауға баулиды.	ісіне адал болуға, еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге ұмтылуға, сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға, айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге, жалған сөйлемеуге, үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға баулу. Мақал-мәтел жаттау. «Ынтымақ түбі - игілік!» «Үлкенге құрмет, кішіге іззет».
Серуенге дайындық	Еңбегі адал жас өрен, «Мен ұқыпты баламын» мақсаты: өзіне өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру				

Серуен.		Картотека №1 1.Бақылау. Жаңа түскен қарды бақылау Мақсаты: Балалардың қыс туралы түсініктерін кеңейту. Бақылау барысы: Ауыл алды ақша қар Ақша қарда балалар Соғып жатыр аққала Біреуі әйнек ойыпты, Біреуі есік қойыпты Өздеріне шақ қана. Сұрақ-жауаптар. 2.Еңбегі адал жас өрен: Ауладағы қарды тазалау Мақсаты: Балаларды күрекпен қолдана алуды, еңбекке деген құлшынысын арттыру. 3.Қимылды ойын: «Шар жарылды» Ойынның барысы: Тәрбиеші мен он шақты бала қол ұстаса шеңбер жасап, пф-пф-пф-деп қолдарын кере шеңберді үлкейтіп, кеңейте береді. 4.Балалар мен жеке жұмыс: көпшілікке қосылуы қиын балалармен жұмыс. 5.Еркін ойындар.	+Картотека №10 1.Бақылау. Суықторғайды бақылау. Мақсаты: Балалардың құстар туралы білімдерін толықтыру; салыстыру. Талдау, қорытынды жасай білу туралы білімдерін толықтыру. Көркем сөз. А.Мендібай Қарағай мен шыршының, Суықтан дені тоңып тұр. Бұл не ғажап қарасаң, Қайында алма өсіп тұр Жақын келіп қарасам, Көзіме өзім сенбедем-Алқызыл болып көрінген, Өнші құсы орманның Суық торғай сен бе едің? Сұрақ – жауаптар. 2.Еңбегі адал жас өрен: Еңбек. Құстарға дән салу. Мақсаты: Тірі табиғатқа қамқорлық	Картотека №6 1.Бақылау. Ауладағы ағаштарды бақылау. Мақсаты: Ағаштар туралы білімдерін бекіту; салыстыру, сараптау, қорытынды жасай білулерін дамыту. Бақылау барысы: Көркем сөз: Ағаштар М.Әлімбаев Қысында да шырайлы, Жасыл шырша ұнайды Түні бойы жауды қар, Салбырады сәнді тал. Тау баурайы төменде, Өседі жас емендер. Ауыл сәні терек, Терек егу керек. 2.Еңбегі адал жас өрен: Еңбек: Ағаш түптеріне қар үю. Мақсаты: балаларды ағашқа деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу. 3.Қимылды ойын: «Аулада қандай ағаштар өседі?» Мақсаты: Балаларға ағаштардың аттарын есте сақтауларын	Картотека №7 1.Бақылау. Қара қарғаны бақылау. Мақсаты: Қарағалардың қысқы тіршілігін бақылау; басқа құстардан айырмашылығын табу (Сыртқы түрі, дауысы, жүрісі). Бақылау барысы: Көркем сөз Құстар қыста тоңады Ө.Ақыпбеков. Құстар қыста тоңады Жоқ киетір ішігі. Желде қатты соғады, Қарды көзге ұшырып Қалатындай қайта ұшпай, Ұя тапса шаттанып, Жем іздейді байғұстар, Қардың астын ақтарып. 2.Еңбегі адал жас өрен: Еңбек. Алаңды қардан тазалау. Мақсаты: ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге деген ықыласын тәрбиелеу. 3.Қимылды ойын: «Үйдің есігін
---------	--	---	--	--	--

			сезімін ояту. 3.Қимылды ойын: «Қандай пішін жетіспейді?» Мақсаты:Геометрия -лық пішіндерді атай білуге үйрету. 4.Балалар мен жеке жұмыс: Достарымен шығысалмай қалатын балалармен жұмыс 5.Еркін ойындар	тиянақтау; табиғатқа қамқарлықпен қарауға тәрбиелеу. 4.Балалар мен жеке жұмыс: Достарымен шығысалмай қалатын балалармен жұмыс 5.Еркін ойындар	жабайық» Мақсаты: Балаларды заттардың өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту. 4.Балалар мен жеке жұмыс: Достарына тез ренжіп қалатын балалармен жұмыс. 5.Еркін ойындар.
Серуеннен оралу	Үнемді тұтыну мақсаты: Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру. Тазалық Сылдыр-сылдыр-сылдыр су. Беті қолды әркез жу. Жуынсаң сен әрдайым. Аппақ бетің маңдайын. (Сөйлеуді дамыту)				
Түскі ас	Үнемді тұтыну мақсаты: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Нан – тамақтың атасы, Ынтымық – көптің батасы. Тістем нанның қадірін, Тарыққанда білерсің. (Сөйлеуді дамыту)				
Күндізгі ұйқы	Ұйықтар алдында киімдерін себетке ұыпты бүктеп қоюға үйрету, досының киінбегенін байқауға және оған көмегін ұсынуға баулу. «Ертегі тыңдаймыз» «Қолғап» ертегісін тыңдату. (Көркем әдебиет)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту. Сауықтыру шаралары	Еңбегі адал жас өрен, Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. «Кім жылдам?» мақсаты тапсырмаларды орындайды, қолдың ұсақ моторикасын үйлестіру дағдыларын меңгереді. «Ұйқы ашар жаттығулар»				

	1.Балалар төсекте жатып, бастарын оңға, солға бұрады. 2. Балалар төсекте жатып, қолды екі жаққа созу, жұдырықтап жұму. 3. Балалар төсекте жатып, велосипед тебу. (Дене тәрбиесі- сауықтыру жұмысы)				
Бесін ас	Үнемді тұтыну мақсаты: мәдени-гигиеналық ережелерді орындау дағдыларын бекіту. «Қонжықты тамақтандырамыз» мақсаты: үлгі мен ауызша нұсқауға сүйеніп, тапсырмаларды орындайды. (Қоршаған ортамен танысу, мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыр).				
Балалардың дербесіс-әрекеті (қимылды, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел-үсті, ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқа әрекеттер		Кітаппен жұмыс «Қыстың ерекшелігі» Мақсаты: Балалар қыс мезгілі туралы түсіндіре алады. Қоршаған ортамен таныстыру Қарым- қатынас іс –әрекеті	Ұлттық ойын- ұлт қазынсы «Сақина жасыру» мақсаты: Ұлттық ойындарға еркін ойнайды, қызығушылығы артады, ойынның ойналу әдісін меңгерту (дене шынықтыру)	Дидактикалық ойын: «Не істеу керек табамыз» Есту зейінін жұмылдыра білуін дамыту. Сылдырмақтың дыбысымен өзінің қозғалысының арақатынасын белгілеу, қозғалыс сәйкестігін дамыту.	Дидактикалық ойын: «Тыңда да айт». Мақсаты: айналадағы заттардың дыбысарын бір-бірінен ажырата білуге үйрету. Фонематикалық есту қабілетін дамыту.
Балалармен жеке жұмыс		Жеке баламен жұмыс. Өркенге 1-ден 10 ға дейінгі сандарды үйрету Математика негіздері Қарым- қатынас	Жеке баламен жұмыс. Дианаға «р» дыбысына сөздерді дұрыс айтуға жаттықтыру. Сауат ашу негіздері Қарым- қатынас іс –әрекеті	Жеке баламен жұмыс Айлингге үйшіктің суретін салдыру, қарындашты дұрыс ұстауға үйрету. Сурет салу Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті	Жеке баламен жұмыс. Есілге мақал-мәтел жаттату. Көркем әдебиет Қарым- қатынас іс –әрекеті
Серуенге дайындық	Серуенге шығамыз деген нұсқаумен барлық балалар орындарына тұру. Еңбегі адал жас өрен, «Мен ұқыпты баламын» мақсаты: өзіне өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру				

Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық экспериментальдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары серуеннен оралу.		(Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет) «Айырмашылығын тап» Мақсаты: Балаларға екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба білуге.	(Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) «Бұл қай кезде болады?» ойын Мақсаты:Қыс мезгілін толық сипаттауды үйрету.	(Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекет) Бояулар сыры Қысқы орманның бірнеше суретін тақтаға ілеміз. Оларға қарап салатын суретті таңдау. Көгілдір қағаз бетіне қоңыр және ақ бояулармен қысқы қар жамылған ағаштың бейнесін салуды үйрету.	(Қарым-қатынас іс-әрекеті) Қимылды ойын: «Дүкенші» Мақсаты: Балалар мағынасын түсініп топтасып ойнауды түсінеді.
Балалардың үйге қайтуы	Өнегелі-15 минут Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге қарауға, кітапхана орталығында кітаптар көруге, алып оқуға, суреттерді қарауға, ата-ананы балабақша жұмысына тарту, бала мен ата-ана қарым-қатынасын арттыру.				

Әдіскер: Турымбетова Г.К.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: ЖШС "Бақжан" бөбекжай-бақшасы

Тобы: "Қарлығаш" мектепалды тобы

Балалардың жасы: 5 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі желтоқсан айы, 4- апта (23.12- 27.12.2024ж)

Күн тәртібі	Дүйсенбі 23.12.2024ж	Сейсенбі 24.12.2024ж	Сәрсенбі 25.12.2024ж	Бейсенбі 26.12.2024ж	Жұма 27.12.2024ж
Бірлік және ынтымақ айы					
Балаларды	Өнегелі-15 минут балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру мобильді кітапханада жұмыс, ата-ананың балаға кітап оқуына мүмкіндік жасау, кітапқа деген қызығушылықты арттыру, кітапқа				

қабылдау	жанашырлық, жауапкершілік таныту. Күй күмбірі -балаларды қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау,ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын артыру.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Қауіпсіздік ережесі әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, балалармен ірге жол ережелері туралы мультфильмдер көруге кеңес беру, ұсыну				
